

«Қамқоршылық кеңесі» отырысы хаттамасы №2

Атасу ЖОББ мектебі

24.12.2020 жыл

Кеңес мүшелері:

Сағымбеков А.М - Байдалы би ауылдық округінің жетекші маманы

Игенбекова Г.Р – ата-ана

Амансарина А.А – ата-ана, кітапханашы

Рахымжанов Қ.Р – «Медет» шаруа қожалығының иесі, ата-ана

Мұханов А.Т – «Тұрар» шаруа қожалығының иесі, ата-ана

Қуанышбеков Ж.Ө – «Шерхан шаруа» қожалығының иесі, ата-ана

Сатбергенов Т.М – Байдалы би ауылдық округінің жетекші маманы

Қолабаева А.Қ – Байдалы би ауылдық округінің клуб меңгерушісі

Жиналысты ашқан қамқоршылық кеңес төрайымы Кеншимова С.К - Байдалы би ауылдық округінің кітапханашысы

Қатысқандар: Мектеп директоры, кеңес мүшелері, мұғалімдер

Күн тәртібі:

1. 2020-2021 оқу жылының І-ші жарты жылдығы бойынша оқу-тәрбие саласында атқарылған жұмыстардың есебі туралы.

2 «Қамқоршылық кеңесінің» іс-шара жоспарын нақтылау.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша мектеп директоры Ж.К.Сембин сөз алып, 2020-2021 оқу жылының І-ші жарты жылдығы бойынша оқу-тәрбие саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды. мектеп жасындағы балаларды жаңа оқу жылында толық мектепке келуін қамтамасыз ету мақсатында 2020 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы «Жүректен жүрекке!» атты айдарымен ұйымдасқан түрде өткізілуде. Бұл Акция еліміздің барлық өңірлерінде жыл бойы өтетіні хабарланды. Акция кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларынан және әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуын алдын алу мақсатында қолдау көрсету шаралары жүргізілді. Ауыл азаматтарымен, мұғалімдермен, фермерлермен кездесулер өткізіліп, көмек беру жайында жиналыстар ұйымдастырылды. Осы уақытқа дейін қайырымдылық көрсетіп жүрген, қашанда көмек қолын созуға дайын тұратын азаматтарға рахметін айтты.

Сөйледі: мектептің әлеуметтік педагогы «Мектепке жол» акциясы бойынша мектебімізде жоспар бойынша атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Бүгінге дейін мектеп ұстаздары тарапынан осы акцияға көбалалы, азқамтылған отбасына балаларына 26 оқушыға, оқу құрал, сөмке киімдерден көмек берілді. Көмек құны 54 500 тг көлемінде. Демеушілік ретінде «Дархан» шаруа қожалығының иесі Шубаев А азқамтылған отбасыларына оқу құрал, мектеп формасынан 15 000 тг көлемінде, ауыл кәсіпкері «Мұстафа» дүкенінің иесі Илясов Толқын 5000 тг көмек берді. Атасу ауылының мешіт имамы Т.Андақұловтың ұйымдастыруымен 10 оқушыға 65 000 тг көлемінде оқу құралдары, сөмке таратып берілді және азқамтылған екі балаға қысқы куртка берді (30 000 тг көлемінде)

Жалпыға міндетті оқу қорынан 28 оқушы оқу құралдарымен (1 балаға 5000 тг) жабдықталды, 14 балаға қысқы куртка берілді.

Сөйледі: Кеңес төрайымы Кеншимова С.К 2020-2021 оқу жылығы «Қамқоршылық кеңесі» жоспарын талқыға салып, жоспарға сай көмек көрсету жалғасын табуы керек екендігін ескертті. Алдағы жылдарда, гүлзарларға су құбырларын тарту мәселелері де ескерілгені жөн деді. Келе жатқан Жаңа жыл мейрамында аздамтылған отбасы балаларына сыйлықтар алуды қарастыруды тапсырылды. Кеңес мүшелері алдағы жоспарлармен толық келісті.

Шешім етті:

1. «Қамқоршылық кеңесі» жұмысын жоспарлы түрде жүргізіп, қайырымдылық шараларын іске асыру жалғасын тапсын.
2. Мектепті заманауи гүлдендіру, материалдық жағдайын жақсарту, безендіру мақсатында демешілермен жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. Жаңа жыл -2021 мейрамы қарсаңында аздамтылған отбасы балаларына сыйлықтар алынсын.

Қамқоршылық кеңес мүшелері :

Сағымбеков А.М – мүшесі

Игенбекова Г.Р – мүшесі

Амансарина А.А – мүшесі

Рахымжанов Қ.Р – мүшесі

Мұханов А.Т – мүшесі

Қуанышбеков Ж.Ө – мүшесі

Сатбергенов Т.М – мүшесі

Қолабаева А.Қ – мүшесі

Төрайым:  Кеншимова С.К

Хатшы:  Жүнісова А.Т